

кейін де "бас шұлғып, үнсіз көнетін" әдетті бойларына жұқтырған жоқ. Қанына намыс дарыған, рухына кие енген халық үнемі тәуелсіздікке ұмтылды. Көксеген тәуелсіздігін алды. Терезі тең, байрағы желбіреген ұлттар санатына ілігу үшін талай ауыртпалық бастан өтті. Енді мұхиттың арғы жағындағы Біріккен Ұлттар Ұйымында көк байрағы, алтын зерімен күнге шағылыса желбіреді. Саяси қуғын-сүргін көргендерді ақтады, басына ескерткіш орнатты. 70 жыл сананы улаған қызыл заманның солақай саясатының күлпаршасын шығарды. Қазақ хандарының, билерінің, батырларының рухы халқына кие болып оралды. Ұлттық діл мен дін жүрегімізге еніп, алпыс екі тамырға қуат таратты.

Қазақстандағы 1986 жылғы қазақ халқы жастарының серпілісі азаттық қозғалысы шежіресіндегі ең бір жарқын белес болып табылады. «Желтоқсан көтерілісі – ғасырлар бойы жиналған ашу-ыза жарылысы. Яғни біздің халқымыздың тіл мүддесі, рух мүддесі – осының бәрінің қосындысы ашу-ыза тудырғаны шындық. Қазақ халқы орыстардың қол астында бола отырып азаттық пен тәуелсіздікті аңсау кезінде әр түрлі деңгейдегі 300-ден астам ұлт-азаттық көтерілісін өткізді. Соның қорытындылаушысы, егемендікке бастаған көтеріліс – Желтоқсан көтерілісі», - деді ақиық ақынымыз Мұхтар Шаханов. Демек бұл әншейін ауыз толтырып айтуға қана жарайтын оқиға емес, бұл шын мәніндегі елді, бүкіл Кеңестер Одағын елең еткізген, күш қолданып басуға мәжбүр еткен көтеріліс екендігінде дау болмаса керек.

Қазіргі таңда 16-17 желтоқсанды тәуелсіздік мейрамы етіп жариялады. Сондықтан 16 желтоқсанның қасыретті күн екендігін жадымызда сақтап әрі Тәуелсіздікке қол жеткізу жолындағы талпыныстардың ақталған күні екендігін сезінуіміз қажет. Сол себепті де әрі арманға қол жеткізген күн деп шаттық ретінде атап өтіп, екінші жағынан Желтоқсан құрбандарына да тағзым ете жүруіміз керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында.- Алматы, 2003.-346
2. Қозыбаев М. Тәуелсіздік рухы.- Алматы, 1998.
3. Спанова Р. Біз білетін желтоқсан, - Алматы, 2000.
4. Шаханов М. Айғақ-кітап,- Алматы, 1991.
5. Бейісқұлов Т. Желтоқсан ызғары,- Алматы, 1994.
6. Бейісқұлов Т. Желтоқсан ызғары,- Алматы, 1994.
7. Табей К. Қайсар рухты қазақ Қайрат Рысқұлбеков.- Алматы, 1994.-5,66

АЛАШОРДА ҮКІМЕТІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫНА

Ханатбекова К.Д.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Сақабай Т.Қ.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағнды мемлекеттік университеті

Алаш - бауырлас, туыстас, яғни, көне заманда, түркілер бөлінбей тұрып дүниеге келген ұғым. Орта ғасырлық ертедегі деректерде қазақтың өз алдына жеке дара құрылғанға дейінгі ортақ атауы. Алаш - тарихта кездесетін көне ұғым. «Алаш» сөзі - қазақ деген сөзбен пара-пар. Қазіргі таңда Алаш атауын Алаша ханмен де байланыстырып жатады. Алаша хан-халық аңызы бойынша «Алты алашты» құрған тайпалардың түп атасы. Қазақ шежіресінде Алаша ханның шыққан тегі өте қарапайым екендігі айтылады. Орта ғасырлық мұраларда Алаша хан-ХІV ғасырдың ІІ жартысы мен ХV ғасырдың І жартысында өмір сүрген әрі батыр, әрі би, әрі ұлыс билеушісі. Алаша хан - ел жадында жауынгер тайпа түркілерді біріктіріп, тұңғыш алаш(қазақ) мемлекетін құрған ұлы қайраткер. Әбілғазы шежіресінде Алаша ханның әкесі Көк хан болғандығы, ұрпақтарының бірінің есімі Қара хан, ал немересінің есімі-оғыздардың түп атасы-Оғыз хан болғандығы айтылады[1]. Рашид әд-Дин мен Әбілғазы Алаша ханның өмір сүрген жері - Дешті Қыпшақтың орталық бөлігі деп көрсетеді. Алаша ханның ордасы сонау Ұлытау өңірінде болғандығы көрсетіледі. Алаш атауы - түрікмен, қырғыз, ноғай халықтарының жадында жақсы сақталған. Тіпті кеген тас

жазуында: « алты бөрі» деген сөздің алты алаш деген атауды білдіретіні бекер емес[2]. Себебі, біз Алаш жұрты, арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты халықпыз. Біз Ресей мемлекетінің құрамында болғанда да еш беріспедік. Біз өз абыройымызды аяқ асты етпей, өз алдымызға жеке дара мемлекет болса ұмытылды. Әрине, ол арманымызға да қол жеткіздік. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері, тарихымызда жабық тақырыптарға жол ашылды. Соның ішінде әлі де болса шынайы баға беріліп, қайта зерттеуді талап етіп отырған Алашорда үкіметі мен Алаш партиясының қызметі және XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ зиялыларының қызметі мен қайғылы тарихы. Алаш партиясы 1917 жылы 21-26 шілдеде Орынбор қаласында өткен Бірінші бүкілодақтық съездің шешіміне байланысты құрылған еді. Бұл съезге Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Ферғана облыстарынан және Бөкей ордасынан делегаттар қатысқан. Алаш автономиясы 1917 жылы 5-13 желтоқсанда Орынбор қаласында өткен Екінші жалпықазақ съезінде жарияланған қазақ халқының ұлттық мемлекеті. Съезді М.Шоқай басқарды. Съезде Алаш автономиясын құру туралы шешім қабылданды. Автономия орталығы-Семей қаласы[3].

Жалпы, 1928-1932 жылдары орын алған бұрынғы Алаш партиясы мен қозғалысының жетекшілеріне қарсы ұйымдастырылған алғашқы саяси сот процесстерінен кейін, бұл тақырыпты нақтылы зерттеуге тиым салынған болатын. Бірінші процесстің барысында 47 адам тергеуге алынып, ОГПУ-дің сот коллегиясының 1930 жылы 4 сәуірдегі үкімімен 35 адамға әртүрлі жаза кесілді. Атап айтсақ, Ахмет Байтұрсынов бастаған 10 адам әуелі ату жазасына бұйрылып, кейін ол үкім 10 жылдық мерзімге концлагерьде отыруен алмастырылды. 1932 жылғы екінші сот процесінің үкімімен Мұхаметжан Тынышбаев, Халел Досмұхамбетов, Жаһанша Досмұхамбетовтар бастаған алаш қозғалысы басшыларының екінші тобы 5 жылдық мерзімге Россияның Орталық қара топырақты облысына (қазіргі Воронеж облысы) жер аударылды. ОГПУ-дің осы екі үкімі құрбандарының тірі қалып, елге оралғандары 1937-1938 жылдары түгелге дерлік «халық жауы» деген жалған айыппен ату кесілді[4;6]. Сондықтан да Алаш туралы шындық айтылмайтын болды да, бұл тақырып ресми жабылды. Осының салдарынан 60 жылдай уақыт бойы (30-жылдардың ортасынан 80-ші жылдардың соңына дейін) ғылым және саяси әдеби баспаларда, көркем шығармаларда мәселенің байыбына бармай, шындыққа сай келмейтін Алаш қозғалысын жаппай қаралайтын, жетекшілерін «буржуазияшыл ұлтшылдар», «халық жаулары» деп айыпталып, әртүрлі мінбелерден сөздер айтылды.

Жалпы, Алаш үкіметінің құрылуы туралы, олардың Совет үкіметімен қатынасы туралы алғашқы пікірлер большевиктік бағыттағы баспасөзде 1919-1920 жылы жариялана бастады. Осы мәселелерді тілге тиек етіп көтерген-Ахмет Байтұрсынов пен қазақ зиялыларының қатарынан шыққан большевиктердің бірі-Сәкен Сейфуллин еді. 1919 жылы тамызда РСФСР-дың Ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты органында Ахмет Байтұрсыновтың «Революция және қазақтар» атты мақаласы жарияланды. Осы шағын еңбегінде А.Байтұрсынов 1917 жылғы Ақпан және Қазан революцияларын қазақ халқының қалай қарсы алуына өз бағасын беріп, Алаш автономиясын жариялау мен оның үкіметін құрудағы себептерін ашып көрсетті. Сонымен қатар ол большевизмді қабылдауға 1917 жылы қазақ қауымы дайын емес еді деген пікір айтқан. «Қазақтарға Февраль революциясы қаншалықты түсінікті болса,-деп жазып кеткен. Ең бірінші революцияны қандай қуанышпен қарсы алғандығы туралы, екінші-революцияны соншама үреймен қарсы алуға тура келді» Ахмет Байтұрсынов қазақтар үшін таптық идеологияға негізделген большевизм идеясы емес, ұлттық мүддеге негізделген жалпы қазақтың Алаш партиясы керек деп түсінген. Ол Алаш үкіметі мен Алаш партиясының құрылуын Қазан төңкерісі мен большевиктік билік әкелген анархияға қарсы тосқауыл ретінде көрсетті.

Ахмет Байтұрсыновтың аталмыш еңбегі жарияланысымен және сол жылы басылған «Жизнь национальностей» апталығының 1920 жылы қарашаның 25-дегі санында Сәкен Сейфуллиннің «Манап Шамиль» деген бүркеніштік атпен «Қазақ интеллигенциясы туралы» атты мақаласы жарық көрді. 1905 жылдан бастап, әсіресе 1912 жылы қазақ зиялыларының арасында ұлттық теңдік пен азаттық идеялары таратыла бастағанын, жас қазақ

интеллигенциясының дем беруші басшылары Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов болған. Олар өздері ұйымдастырған «Қазақ» газетінің төңірегінде халық зиялыларын топтастыра білді, саяси ұйым құру идеясын іздестіре білді. Осыдан соң ұлттық интеллигенция екі лагерьге бөлініп, басым көпшілігі-кадеттер мен оңшыл эсерлерді жақтаушы «қазақ революционерлері» жалпы ұлттық партия құрып, оған қулықпен «Алаш» деген ату берді.

Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің іс-әрекеттеріне коммунистік идеология мен таптық тұрғыдан баға берген С.Сейфуллин өз ойын былай тұжырымдаған: «Октябрь төңкерісінен кейін солшылдардың соңынан ерген қазақ зиялылары-біртіндеп солшылдана түсті. Өз тағдыры мен қоғамдық және шығармашылық қызметін социализм мен коммунизм идеясымен тығыз байланыстырған С.Сейфуллин бұл мақаласында Алаш партиясы мен Алашорда қозғалысы қазақтардың мақсат-мүддесіне жат құбылыс екенін аңғартады.

Бұл ойларын С.Сейфуллин «Қызыл Қазақстан» атты журналында 1922 жылдан жариялай бастап, 1927 жылы Қызылорда қаласында жеке кітап етіп шығарған «Тар жол, тайға кешу» деп аталатын кітабында ашып көрсеткен. С.Сейфуллиннің Алашорда Қазан төңкерісі мен азамат соғысы жылдарында ұлтшылдық позицияда болып, контрреволюциялық роль атқарды деген тұжырымын 1923 жылы Ә.Әйтиев өз мақаласында жариялаған.

1922 жылдың күзінен бастап алашордашылардың көпшілігін Қазақ АССР-нің мемлекеттік және басқару органдарынан жаппай қуу науқаны басталған еді. Сонда «Алашорда» іс жүзінде 1918 жылдың ортасынан 1919 жылдың аяғына дейін, бас-аяғы жыл жарымдай ғана өмір сүрген. Алашорда сол кездегі аса қиын жағдайларға байланысты өлі туған автономия жариялағанда тікелей Русиядан бөлініп шығу туралы сөз қозғалмаған, олардың көздегені-«ұлттық жер», яғни национально-территориальная автономия алуды ғана көздеді, ал Русия мемлекеті құрама республика болсын деді [5].

Жекелеген адамдарға Алашорданың «контрреволюциялық ұлтшылдық мәнін» әшкерелейтін еңбектер жазуға жекелеген арнайы тапсырмалар берілді. Қазақстан партия ұйымының тарапынан осындай тапсырысқа ие болғандардың бірі сол кезде республикалық мемлекеттік баспаның директоры болған А.К.Бочагов еді.

Арнайы тапсырмамен дайындалған екінші еңбек-1929 жылы жарық көрген Алашорда тарихына арналған құжаттар жинағы. Оны құрастырып, баспаға дайындаған сол кезде ВКР(б) қазақ өлкелік комитетінің насихат бөлімінің меңгерушісі: Николай Мартынынка болды [6; 12]. Кітаптың редакциясын Қазақ АССР халық комиссарлар кеңесінің төрағасы Ораз Исаев жасады. 1933 жылы желтоқсанда ВКП(б) Қазақ Өлкелік Комитетінің жанындағы Партия тарихы институтында Алашорда және Алаш партиясы тарихына арналған пікірайтыс ұйымдастырылды. Онда «Алашорданың тарихи рөлі» деген тақырып бойынша негізгі баяндаманы институт қызметкерлері С.Браинин мен Ш.Шафиро жасады. «1916 жылғы көтерілістегі алаш интеллигенциясының рөлі», «Алаш қозғалысы Февраль мен Октябрь аралығында», «Алашорда-ұлтшыл контрреволюцияның үкіметі», «Алаш қозғалысының тарихын дәріптеушілікке қарсы» деген бөлімдерден тұрады. «Правда» газетіндегі сын мақалада Алашорда идеологиясын ашық түрде насихаттау деп бағаланды. 1935 жылы мамыр айында «Казахстанская правда» газетінде басылған Т.Рысқұловтың мақаласы да негізінен «Правдада» жарияланған рецензиямен сарындас болып келеді.

Алашордашылардың жиырма бес мүшеден тұратын Уақытша кеңесі құрылды. 1917 жылғы құрылтайдың күн тәртібінде 10 мәселе қаралды. Олардың ішіндегі ең негізгілері: қазақ-қырғыз автономиясын жариялау, милиция, һәм Ұлт кеңесі (Үкімет) құру. Ә.Бөкейханов өз сөзінде: «съездің бұл шешімі қазақтар мекендеген анархияны болдырмау, өлкеде большевизмнің дамуына (қазақтар үшін жат таптық жіктелу)-ді болдырмау. Үкімет төрағалығына үш қайраткер: Бөкейханов, Құлманов, Тұрлыбаев ұсынылды. Екінші жалпықазақ съезінің делегаты Әлімхан Ермеков бұл туралы былай жазды: «желтоқсанның 12-сі күні, түс ауа, сағат үште алаш автономиясы дүниеге келіп, азан шақырылып ат қойылды. Алты Алаштың баласының басына Ақ Орда тігіліп, Алаш туы көтерілді. Бүгінде, аңсап күткен тәуелсіздігімізге мерейлі 25 жыл толғалы отыр. Еліміз сан ғасыр

бойы осы күнді күтті, 1991 жылдың 16 желтоқсанында егемендікке қол жетіп, экономикасы дамыған алпауыт 50 елдің қатарына енді. Ал, алдымыздағы 2017 жылда Алашорда үкіметінің құрылғанына 100 жылдық тарихи күн болмақ. Иә, уақыт зырғып өте берет. Дегенмен, осындай уақыттың батырларының бейнесі мен есімдері көз алдымыздан да санамыздан да мәңгіге өшпей сақталат. Олар-біздің батырларымыз, тарихи тұлғаларымыз. Өзіңнің тарихынды ұмыту-өз түп негізінді ұмытумен тең.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстанның этнографиялық категориялары «Ұғымдар мен атаулардың дәстүрлі жүйесі» (Алматы) 2011 жыл;
2. «Айбын» энциклопедия/Бас редакторы: Б.Ө. Жақып, 2011 жыл
3. «Қарағанды облысы» энциклопедия, Алматы-Атамұра-2006 жыл;
4. К. Нұрпейісов «Алаш һәм Алашорда»-Ататек баспасы-1995 жыл;
5. Қазақстан тарихы «Очерктер»-«Дәуір» баспасы-Алматы-1994 жыл;
6. К. Нұрпейісов «Алашорда үкіметі» 1995 жыл

ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА ЖОЛ АШҚАН - ТӘУЕЛСІЗДІК

Шәріп А.

Ғылыми жетекші: аға оқытушы Қазығұлова М.Я
Астана Гуманитарлық колледжі

Ата - бабаларымыз салған сара жолдың тарихи тағлымын жалғастыру - болашақ ұрпақ біздің еншімізде.

Биыл біз үшін ерекше жыл. Ата-бабаларымыз армандап келген тәуелсіздікке 25 жыл толды. Бұл халқымыздың ерік-жігерімен, бірлігімен келген күн. Өз тәуелсіздігін алған осы уақыт аралығында елім қиял-ғажайып ертегідегідей тез, әрі адам таңқаларлықтай өзгерді. Қазіргі таңда мемлекетімізді әлем танып, бүкіл дүние жүзі мықты демократиялы және экономикасы нық орныққан мемлекет деп мойындауда.

Тарих беттерін парақтасақ, қазақ халқы өзінің тарихында талай қилы қырғындарда ашаршылықты, зорлық-зомбылықты бастан өткерді. Осындай талай жылғы ашу-ыза Алматы қаласындағы оқиғаға әкелді. 1986 жылы 16 желтоқсанда қазақ жастарының қарсылығын әр түрлі айыппен көрсетті. Халықтың ар-намысы таразыға салынған сын сағатта дүлей күшке қаймықпай шыға келген жастарымыздың ерен ерлігі ұрпаққа өнеге.

1986 жылғы желтоқсан оқиғасы қазақ жастарының ұлттық санасы қаншалықты өскенін көрсетіп берді. Жастар ұлттық намысты аяқасты етуге бұдан былай ешқашан жол бермейтіндіктерін көрсетті. Тарихымызда ерекше орны бар, халқымыздың қасиеті мен ар-намысына айналған желтоқсан оқиғасы қазақ елін әлемге танытты. Желтоқсан оқиғасы халқымыз үшін қайғылы күндер болып саналғанымен, тарихымыздың шежіресінде алтын әріппен жазылды.

Мемлекетіміздің Тәуелсіздігіміздің жариялануы Республика өміріндегі аса маңызды оқиға болды. Қазақ халқының бостандығы, тәуелсіздігі, егемендігі қабылданған 1991 жылғы 16 желтоқсан күні қазақ халқының тарихына алтын әріппен «Тәуелсіздік күні» болып жазылды.

XX ғасырдың соңғы он жылдығында біз үшін аса маңызды оқиғалардың бірі - әлемнің ешбір елінде жоқ Қазақстан халқы Ассамблеясының дүниеге келуі. Бүгінгі таңда Ассамблея-жай ғана емес, өміріміздің ажырамас бөлігіне, бірлігіміз бен тұрақтылығымыздың кепіліне айналды және әр этносқа өз тілін, дінін және салт-дәстүрін өркендетуге мүмкіндік беруінің өзі Қазақстанның болашағы зор ел екендігін таныта түсті. Жүздеген ұлттардың өкілдері бір-бірімен тату өмір сүріп, ынтымағы жарасқан елге айналуының бастау арнасында Елбасының елдікке негізделген саясаты жатыр.